



БҰЙРЫҚ

10.12.2025

Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

№ 640

город Актөбе

**«Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу»
пилоттық жобасын енгізу туралы**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 15 тамыздағы мұғалімдердің республикалық тамыз конференциясының қорытындысы бойынша еңбекқорлық идеясын іске асыруға баса назар аударатырып, білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жандандыру бойынша берген хаттамалық тапсырманың 1.5-тармағын орындау мақсатында және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 24.11.2025 жылғы №265 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы 2026 жылы Ақтөбе қаласындағы №49 «Думан», «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшаларында, №33 «Нұрсәт» балабақшасында, «Айлин» МДҰ-да және Хромтау ауданындағы №5 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасында іске асырылсын.

2. Мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөліміне:

2.1. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын алгоритмге сәйкес жүргізілуі қадағалансын;

3. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы директорына (Д.Ұзақбаевна):

3.1. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы тандалған бағыттарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға пәндік-дамыту ортасын ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсетілсін;

3.2. Пилоттық жобаны іске асыру барысында үздік педагогикалық тәжірибелерді айқындап, оларды тарату бойынша ұсыныстар әзірлеу, нәтижелердің салыстырмалы мониторингін жүргізу мақсатында бақылау және эксперименттік топтар ұйымдастырылсын;

3.3. Пилоттық жобаны іске асыру мониторингі жүргізілсін және оның қорытындысы туралы тоқсан сайын басқармаға есеп берілсін;

003655

3.4. 2026 жылғы 26 қарашаға дейінгі мерзімде Пилоттық жобаны іске асыру қорытындысы бойынша талдамалық есеп әзірлесін.

4. Ақтөбе қаласы (М.Қосымбаева) және Хромтау ауданы (Ш.Отаров) білім бөлімдерінің басшыларына:

4.1. Пилоттық жобасы жұмысын талапқа сай жүргізу үшін шаралар қабылдансын;

4.2. Жобаға қатысатын мектепке дейінгі ұйымдарда ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулуға жағдай жасалсын;

4.3. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығына тоқсан сайын есеп бере отырып, Пилоттық жобаның іске асырылу мониторингін қамтамасыз етсін;

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысы орынбасары Н.Бертлеуоваға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б.Күзембаева

